

Г.М. Капбарова* , А.Н. Джумадуллаева , Х.М. Түрсүн 

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан
(E-mail: b.maxmutova@mail.ru; asel.dzhumadullayeva@ayu.edu.kz; khazretali.tursun@ayu.edu.kz)

Созақ көтерілісінің тарихы: архив құжаттары нені айғақтайды?

Қазақстандағы ұжымдастыру саясаты дәстүрлі өмір салтын бұзу, мал мен жерді тәркілеу, күштеп қоныстандыру және басқа да репрессиялық шаралар салдарынан жаппай көтерілістер тудырды. Осындай ең ірі көтерілістердің бірі Созақ көтерілісі. Архив құжаттар негізінде Созақ көтерілісінің тарихын зерделеу осы мәселе бойынша ақпаратты жинауға, талдауға және ретке келтіруге ғана емес, сонымен қатар Созақ шаруаларының большевиктерге қарсы көтерілістерге қатысу дәрежесі мен көтерілістің сипаты туралы сұраққа жауап алуға мүмкіндік береді. Зерттеудің мақсаты Созақ ауданындағы ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың бастапқы кезеңінде билік пен ауыл халқы арасындағы қайшылықтардың туындауының алғышарттары мен мән-жайларын, шаруалардың мемлекеттік іс-шараларға қарсы тұрудың белсенді нысандарына көшу себептерін, белгіленген тақырып бойынша мұрағаттық материалдарды талдау. Архивтік дереккөздер мен қолда бар ғылыми эзирлемелерді талдау негізінде авторлар мемлекет пен шаруалар арасындағы қарым-қатынастардағы әлеуметтік және экономикалық қайшылықтардың пайда болуы мен тереңдеуін негіздейді, көтерілістің барысы, негізгі кезеңдері мен қозғаушы күштерін қарастырған. Мақалада Созақ ауданы халқының көтерілуіне алып келген большевиктер саясатының әртүрлі элементтері туралы айтылған, Созақ көтерілісін жоюға бағытталған кеңестік және партиялық органдардың әрекеттері талданған.

Кілт сөздер: Созақ ауданы, Созақ көтерілісі, ұжымдастыру, мүлікті тәркілеу, архив құжаттары, ұлт-азаттық қозғалыс.

Kipicne

XX ғ. 30 жылдарында Қазақстан аумағындағы кеңестік биліктің күштеп ұжымдастыру, отырықшыландыру және дәстүрлі шаруашылық құрылымын жоюға бағытталған саясатының салдарынан әлеуметтік-саяси күйзелістер орын алды. Осындай тарихи үдерістер аясында қалыптасқан ірі қарсылық ошақтарының бірі — Сырдария округінің Созақ ауданында болды. Бұл отандық тарихнамада Созақ көтерілісі деп аталады және кеңестік тоталитарлық жүйенің әлеуметтік-экономикалық эксперименттеріне қарсы қазақ ауылдарының қарулы және ұйымдасқан наразылығының айқын көрінісі ретінде тарихта ерекше орын алады.

Осы Созақ көтерілісінің тарихы кеңестік кезеңде біржақты таптық-идеологиялық ұстаным тұрғысынан бағаланып, «бай-кулақтардың контрреволюциялық бүлігі» ретінде сипатталды. Мұндай тұжырымдар көтерілістің шынайы себептері мен әлеуметтік құрамын, қатысушылардың мақсат-мүдделерін толық ашуға мүмкіндік бермеді. Тек тәуелсіздік жылдарында ғана архив қорларына қолжетімділіктің кеңеюі бұл оқиғаны жаңаша, деректік негізде қайта пайымдауға жол ашты.

Архив құжаттары — Созақ көтерілісін ғылыми тұрғыда зерттеудің негізгі дереккөздері. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві, Президент архиві, сондай-ақ бұрынғы ОГПУ–НКВД органдарының тергеу материалдары, жедел хабарламалар, қызметтік хаттар мен айыптау қорытындылары көтерілістің себептері, барысы, ауқымы және салдары туралы нақты әрі құнды мәліметтер береді. Бұл деректер көтерілістің стихиялы әрекет емес, кеңестік реформалардың жергілікті деңгейде күшпен жүзеге асырылуына қарсы әлеуметтік наразылықтың нәтижесі екенін айқындауға мүмкіндік береді.

Осы себептен Созақ көтерілісін архивтік құжаттар негізінде зерттеу оның тарихи маңызын тереңірек ашып қана қоймай, XX ғ. 30 жылдарының басындағы қазақ қоғамының саяси сана деңгейін, билік пен халық арасындағы қайшылықтардың сипатын және кеңестік репрессиялық механизмдердің жұмыс істеу ерекшеліктерін зерделеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар архив құжаттарының негізінде Созақ көтерілісінің тарихын зерттеу ұлттық тарихи жадты қалпына келтіру, тоталитарлық жүйе кезеңіндегі халықтық қарсылық қозғалыстарын объективті бағалау тұрғысынан да өзекті. Архив құжаттары көтерілістің себеп-салдарын, ауқымын, тарихи маңызын терең түсінуге жол ашып,

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: b.maxmutova@mail.ru

Қазақстан тарихындағы кеңестік кезеңді зерттеудің деректанулық базасын кеңейтеді.

Материалдар және әдістері

Мақаланың деректік негізін Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің (ҚР ОМА) 1380-ші, 5-ші және 141-ші қорлары және Қазақстан Республикасы Президенттік архивінің (ҚР ПА) 141-ші қорлары, сонымен бірге Түркістан облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архивінің 3-қоры мен Ресей мемлекеттік әлеуметтік саяси-тарих архивінің 17-ші қорының материалдары құрайды. Аталған қорлардың Созақ көтерілісінің тарихына қатысты материалдары кеңінен қолданылды.

XX ғ. 30-жылдардың басындағы Созақ көтерілісінің тарихын архив құжаттарының негізінде зерттеуде тарихи-деректанулық әдіс пайдаланылды. Бұл әдіс арқылы кеңестік билік органдарының тарапынан жасалған құжаттардың ресми сипаты мен идеологиялық жүктемесін ескеру арқылы олардың мазмұнын талдау жүзеге асырылады. Тарихи-сын әдісі архив материалдарындағы мәліметтердің шынайылығын, толықтығын және бұрмалану деңгейін анықтауға бағытталады. Сонымен бірге Созақ көтерілісінің аймақтық ерекшеліктерін, ұйымдасу деңгейін және әлеуметтік құрамын айқындауда салыстырмалы-тарихи әдіс қолданылды, ал жүйелік талдау әдісі Созақ көтерілісін кеңестік ұжымдастыру, отырықшыландыру және тәркілеу саясатының құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға негізделеді. Созақ көтерілісінің басталу себептері, даму кезеңдері, шарықтау шегі және басып-жаншылу барысын уақыттық бірізділікпен көрсетуде тарихи-хронологиялық әдіс пайдаланылған. Сондай-ақ бұл әдіс архив құжаттарындағы мәліметтерді мерзімдік ретпен талдауға және оқиғаның динамикасын нақтылауға ықпал етті. Созақ көтерілісіне қатысты сандық мәліметтерді (қатысушылар саны, репрессияға ұшырағандар, атылғандар мен сотталғандар жөніндегі деректер) жүйелеу және талдау үшін статистикалық әдіс те қолданылды.

Нәтижелері

Созақ көтерілісінің негізгі себептері қатарына саяси-экономикалық науқандарды іске асыруды мақсат етіп қойған партия комитеттерінің жанынан құрылған арнайы «үштіктердің» асыра сілтеулерін жатқызуға болады және мұны келесі архив құжаттары арқылы дәлелдеуге болады. Атап айтқанда, аудандық партия комитетінің пленумында Созақ ауданын жаппай ұжымдастыру аудандары қатарына жеткізу үшін шаруашылықтардың 85%-ын жыл аяғына дейін 100% ұжымдастыру тапсырмасы белгіленді. Бар мал-мүлікті тәркілеп, байлар қатарына жатқызылғандардың отбасына орындалмайтын салықтар салып, оларды түп тамырымен жоюды қолға алды. Мысалы, 1,5 десятинадан 250 пұт мақта жинау міндеттелген [1]. Тәркілеу кезінде үй-мүліктерімен қатар жеуге жарамды тағамдарды, киюге болатын барлық киім-кешекті тартып алып, мақта жинау кезінде көрпелерді сөккізіп, мақталарын жинатқан. Үй басына белгіленген жүн салығын орындау үшін киіз және басқа тұрмыстық жабдықтарды қайта түткізіп, тапсыртқан [2]. Байлар мен кулактар қатарына орташалар, кейде кедейлер де жатқызылып, олардың мал-мүліктері тәркіленіп, өздері жер аударылды. Заң қорғау органдары науқан кезінде көп жағдайда әділдіктен гөрі таптық қағидаларға көп көңіл бөлді. Сот органдары орташалардан батрактарға 100 сом салық бекіту жөнінде үкім шығарады [3].

Созақ көтерілісінің себептерінің саяси-экономикалық сипатын дәлелдейтін келесі бір архив құжаты — Сырдария округінің Созақ ауданындағы оқиғалар туралы Қазақ әскери комитетінің басқарушысының баяндамасын көрсетуге болады. Оның мазмұнында байларды «жою саясатының жүзеге асу барысы нақты сипатталады. Атап айтқанда, байларға экономикалық тұрғыдан орындалуы мүмкін емес жоспарлардың (мақта, астық дайындау) әдейі жүктелгені көрсетіледі. Бұл жағдай кеңестік биліктің бай шаруашылықтарын заңдық немесе соттық рәсімдер арқылы емес, әкімшілік-экономикалық қысым арқылы жоюды көздегенін дәлелдейді. Мұндай тәсіл кеңестік аграрлық саясаттың репрессивтік сипатын айқын көрсетеді. Құжатта Созақ пен Шолаққорған өңірлерінде байлардың мүлкін тәркілеу барысы нақты мысалдармен беріледі. Аталған факт Созақ көтерілісінің әлеуметтік базасын кеңінен түсіндіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар құжатта жоспарлы экономиканың формалистік сипаты ашылады. Мәселен, Созақтағы 12 байға мақта дайындау жоспары жүктелгенімен, олардың шын мәнінде мақта шаруашылығымен айналыспағаны көрсетіледі. Бұл кеңестік басқару жүйесінде жергілікті ерекшеліктердің ескерілмегенін және жоспарлардың жоғарыдан механикалық түрде түсірілгенін дәлелдейді [4].

Сонымен бірге Созақтағы халық наразылығын тудырған себептердің қатарына халықтың жиналатын базарлар мен мешіттердің әкімшілік жолмен жабылуын көрсетуге болады. Созақ ауданында ірі мешіттерді осындай жолмен тартып алып, тұқым қоймасына айналдыру халықтың ашу ызасын тудырды. Аталған ауданда ескертусіз, арнайы органдардың рұқсатынсыз, жергілікті шолақ белсенділер өз бетімен 6 мешітті жауып тастады [5]. Кеңес өкіметінің осындай және басқа асыра сілтеушіліктері, көзбояушылықтары халық намысын қоздырып, жергілікті басшыларға қарсы қозғалуына себеп болды. Мұның дәлелін 1930 жылғы 11 наурызда Алматы қаласында жасалып, Сырдария округінің Созақ ауданындағы жағдай туралы мәлімет беруді мақсат еткен құжаттың мазмұнынан көруге болады. Онда *«Қазақ АКСР-інің Сырдария округіне қарасты Созақ ауданында, толық емес мәліметтер бойынша, 1930 жылғы 10 ақпанда саны 200 адамнан асатын басмашылар тобы пайда болды. Тексерілмеген деректерге қарағанда, бұл топ сол округтегі Бостандық ауданындағы басмашылар қозғалысының қалдығы. Банданы ұйымдастыру және қарулы топты азық-түлікпен қамтамасыз ету мақсатында Шымкент қаласына келген алты адам ұсталып, қамауға алынды. Қарулы топты жою үшін әскери жасақ жіберілді, сондай-ақ көршілес Сарысу ауданына банданың пайда болу мүмкіндігінің алдын алу мақсатында арнайы отряд жөнелтілді. Соңғы мәліметтерге сәйкес, басмашылар тобы мен біздің отряд арасында ірі қақтығыс орын алған, қаза тапқандар мен жараланғандар бар. 25 ақпанда Шымкент қаласында көтерілісшілер өлтірген жеті жолдастың жерлеу рәсімі өтті. Осыдан кейін Созақ аудандық милициясы бөлім бастығымен қоса басмашылар жағына өтті»* [6] деп көрсетілген. Атап өту қажет, құжатта Созақ ауданындағы қарсылық қозғалысы «басмашылар бандасы» ретінде сипатталады. «Басмашы», «банда» терминдерінің қолданылуы кеңестік идеологиялық тілдің айқын көрінісі болып табылады және құжаттың бағалауыш, саясиленген сипатын көрсетеді. Құжатта қарулы топтың шамамен 200 адамнан асуы, олардың Бостандық ауданымен байланысы, Шымкент қаласында ұйымдастырушылардың ұсталғаны, сондай-ақ екі тарап арасындағы ірі қақтығыстың болғаны туралы ақпарат көтерілістің аймақаралық сипат алғанын көрсетеді.

Осымен бірге Орта Азия Бірлескен мемлекеттік саяси басқармасының (БМСБ) Евдокимовке, Дьяковке және бір көшірмесі Голощекинге жіберілген құжатында *«Кезектен тыс хабарлама... Созақ ауданын бандиттердің басып алғаны дәлелденуде. 7-ақпанда таңертең Созақ ауданының №1 ауылы 12, 13, 14-ауылдардың тұрғындарынан құралған саны белгісіз атты және жаяу отрядтардың шабуылына ұшырады. Басқарушы өзін хан деп жариялаған Сұлтанбек Шолақов. Банда қанжар, қылыш, винтовкалармен қаруланған. Аудан орталығына шабуыл жасау уақыты белгісіз. Аудандық милиция қарусыздандырылып, аудандық атқару комитетінің үйі басып алынған және қаржы бөлімі тоналған. Жергілікті тұрғындардың көзінше кеңестік мекемелердің құжаттары өртелген»* [7] деп көрсетілген.

«Аса құпия» грифімен белгіленген жән Қазақ АКСР бойынша БК(б)П Қазақ өлкелік комитетіне жөнелтілген Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың (ОГПУ) *«1929–1931 жылдар аралығында Қазақстан аумағындағы көтерілістер мен бандиттік әрекеттер туралы» анықтамасында «Бұрынғы Сырдария округінің Созақ, Сарысу, Шаян және Талас аудандарында контрреволюциялық көтерілістер орын алды. Көтеріліс ақпан айында басталып, алғашқыда Созақ ауданының 12-аулында бұрқ етіп, кейіннен аталған аудандардың едәуір бөлігін қамтыды. Көтерілістің негізгі себептері ретінде партияның таптық бағытын өрескел бұрмалау, сондай-ақ мал, астық және жүн дайындау науқандарын жүргізу барысында жіберілген шектен тыс асыра сілтеулер көрсетіледі. Бұл жағдайды көтеріліс басшылары ретінде әрекет еткен байлар, мұсылман дін өкілдері мен ишандар өз мақсаттарына пайдаланған. Көтеріліс барысында бірқатар кооперативтер, қабылдау пункттері және конный зауыт талқандалды, 14 аудандық партия қызметкері өлтірілді, олардың ішінде аудандық жұмысшы-шаруа милициясы басқармасының (РУП) көмекшісі де бар. Сондай-ақ бірқатар жергілікті қызметкерлер соққыға жығылды, аудан орталығы толықтай қиратылды, Созақ қышлагы (елдімекен) күйреді»* деп көрсетілген [8].

Осылайша көтерілістің хабары тиісімен Біріккен мемлекеттік саяси басқарма органдары қазақ ауылын нашар білетін еуропалық жастардан және сауатсыз шолақ белсенді аталғандардан көтерілісшілерді жоюға бағытталған коммунистік отрядтар құра бастады. Мысал ретінде Шымкент отрядының командирі Исаевтің Созақ ауданы (Сырдария округі) көтерілісшілері «бандиттеріне» қарсы бірінші Шымкент коммунарлар отрядының әрекеттері туралы баяндама жазба отрядты қалыптастыру және қаруландыру туралы *«Ағымдағы жылдың 9 ақпанында кешкі сағат 8–9 аралығында мені БК(б)П округтік комитетінің округтік қаржы бөліміне шақырды. Онда*

жолдастар Құлсатаров пен Мусин маған коммунарлар отрядының командирі болып тағайындалғанымды хабарлады. Бұл тағайындауды мен бұрын да (Бостандық, Мойынқұм отрядтарында) осындай қызмет атқарғаным сияқты, ықыласпен қабылдадым. Сол мезетте жиналған партия ұяшықтарының хатшылары арқылы отрядқа коммунарлар іріктеліп алынды. Жиналыс 10 ақпан күні таңғы сағат 10-ға, бекіністе (округтік әскери комиссариатта) белгіленді. Сол жерде жолдас Мусин отрядтың құрылу мақсаты мен оның қай бағытқа жіберілетінін қысқаша түсіндірді. Одан кейін мен округтік ОГПУ бөліміне жолдас Костенкоға кіріп, ол мені қарсылас туралы соңғы мәліметтермен таныстырды. 10 ақпан күні таңғы сағат 8-де мен отрядты қалыптастыру үшін округтік әскери комиссариатқа келдім. Коммунарлардың барлығы түскі сағат 11-ге қарай жиналды Көтерілісшілерге қарсы жүргізіліп жатқан шараларымыз туралы маған белгілі болған мәліметтер келесілер: Түркістаннан Ащысайға 50 адамнан тұратын коммунарлар отряды жіберілді. Түркістаннан Созаққа таулы жол арқылы 13 адамдық отряд жөнелтілді. Қызылордадан Түркістанға пулеметі бар 50 адамнан тұратын отряд жолға шықты» [9]. Осылайша Созақ көтерілісін жою үшін бастапқыда Шымкент және Қызылордадан комотрядтар жіберілген.

Созақ ауданындағы көтерілісшілерге қарсы бағытталған коммунарлардың алғашқы Шымкент отрядының әрекеті туралы отряд командирі Исаевтің баяндамалық жазбасына сәйкес бұл отрядтың құрамы 53 адамнан тұрғанын көруімізге болады. Сонымен бірге, бұл жазбада Исаев «Мен биікке көтеріліп, дүрбімен қараған кезде, шатқал бойында қарсыластардың колоннасының бізге қарай келе жатқанын анық көрдім. Шатқалдағы қарсыластың санын анықтау қиын болды, дегенмен, сол жақ тауға қарай шамамен 500-600 адам өтті, 2-3 минуттан соң мен биікке көтерілгенде сол жақта қарсыластың тобы 200 адамдай көрінді... .. олар бізге қарсы шабуыл жасады...» [9] деп көрсетеді.

Атап өту қажет, Исаев бастаған Шымкент отряды қоршауға алынып, блокадаға түседі, ал Исаевтің өзі болса жарақаттанады. Бұл туралы Исаев өзінің баяндамасында «...осыдан кейін қарсыластың біздің сол жақ қапталымызға (екінші жотадан) қарай оқ атуы басталды. Оқтар өте дәл тигізіліп, отряд құрамында жараланғандар пайда болды. Сөйтсек, қарсы тарапта мергендігі жоғары қаруланған атқыштар болған екен (сағақ, киік және т.б. аңдарды аулайтын мерген-аңшылар). Мен дүрбі арқылы мергендердің қай жерде орналасқанын байқауға тырысып, көзіме дүрбіні таққан сәтте сол жақ кеуде тұсымнан, жүрек маңынан жарақат алдым: оқ сол жақ өкпені қиғаштай тесіп өтіп, омыртқа маңына дейін жеткен» [9] деп айтады.

Сонымен бірге Шымкент отрядының командирі Исаевтің жазбасынан оның қарулы отрядына қарсы көтерілісшілердің тарабынан қаһарлы және жігерлікті қарсылықты байқауға болады. Көтерілісшілердің жер-төңіректі, таулы жерлерді жақсы білгендігі оларға әскери әрекеттердің барысында Исаевтің отрядын оларға көмекке Ташкент отрядының келуіне дейінгі уақытта жеңуге мүмкіндік берді. Мұның дәлелін 1930 ж. 18 ақпандағы Қазақстандағы және Орталық Азиядағы БМСБ өкіліне жіберілген телеграфтық жазба арқылы дәлелдеуге болады, онда «Шымкенттен жіберілген, Исаевтың басқаруындағы 25 адамнан тұратын коммунарлар отряды 1930 жылғы 12 ақпанда Созақтан 30 шақырым қашықтықта бандалық топпен қақтығысып, саны шамамен 500 адамға жеткен қарсы жақтың қысымымен Жаңақорған өзені бойындағы, Бабайқорғаннан солтүстікке қарай 10 шақырым жерде орналасқан Когацик (Кугашик) өңіріне шегінуге мәжбүр болды. Қызылордадан пулеметі бар коммунарлар отряды Поляковтың басқаруымен келгеннен кейін, 13 ақпан күні Когацик маңында барлық отрядтардың қатысуымен тәулік бойы ұрыс жүргізілді. Біздің ілгерілеуіміз барысында қарсы тарап шегініп, 30 адамынан айырылды. Коммунарлар отрядының қатарынан 6 адам жараланып, 7 адам қаза тапты. Шолаққорған бағыты арқылы Түркістаннан солтүстік-шығысқа қарай 70 км жерде орналасқан Созаққа бет алған Никитенконың отряды 1930 жылғы 15 ақпанда сан жағынан басым қарсыласпен кездесіп, Шолаққорғанға шегінді. Никитенко ауыр жарақат алды» [10].

Осы сәттен бастап жазалау функциялары Орта Азия әскери округі әскерлерінің тұрақты бөлімдеріне берілді. Ақпан айының ортасында Ташкенттен әскери мектеп курсанттарының отряды және тау-гаубицалық артиллерияның батареясы жіберілді. Олар түн жамылып Қаратау арқылы өтіп, Созаққа жақындады. Аудан орталығын барлық тараптан қоршауға алып, әскерлер елдімекен тұрғындарына және сол жерде болғандардың барлығына пулеметтік және зеңбіректік оқтың жойқын нөсерін жаудырды. Алайда осындай күшті артиллериялық-пулеметтік соққыға қарамастан, қарапайым қарумен ғана жарақтанған шаруалар әлі де төрт сағат бойы қарсылық көрсетіп, көше

ұрыстарын шебер ұйымдастыра білді. Дегенмен көп ұзамай, оны басуға ұлттық кавалериялық эскадрон да қатысқан көтеріліс толықтай жойылды.

Жалпы Исаевтің баяндамасының мазмұны және жоғарыда келтірілген 1930 ж. 18 ақпандағы Қазақстандағы және Орталық Азиядағы БМСБ өкіліне жіберілген телеграфтық жазба мазмұны Созақ көтерілісін басу барысында кеңестік жазалау отрядтарының тактикалық, ұйымдастырушылық және материалдық әлсіздігін айқын көрсетеді. Құжат мазмұнына сәйкес, Исаевтің отрядының Қызылорда отрядымен қосылу кезеңі мен қорғаныстық шайқас кеңестік күштер үшін аса күрделі жағдайда өткен. Түнгі уақыттағы жағдайдың нақты жоспарланбауы, қарсыластың қозғалысы туралы ақпараттың жеткіліксіздігі және байланыс жүйесінің әлсіздігі отрядтың қоршауға түсу қаупін күшейткен. Осы кездегі қорғаныстық шайқастардың бірнеше күнге созылуы көтерілісшілердің ұйымдасу деңгейінің жоғары болғанын көрсетеді. Құжатқа сәйкес 1930 ж. 12–15 ақпан аралығында көтерілісшілердің жаппай шабуыл жасау әрекеттері тойтарылғанымен, кеңестік отрядтар да елеулі шығындарға ұшыраған. Атап айтқанда, Қызылорда отряды командирінің жарақат алуы және адам шығыны кеңестік әскердің моральдық жағдайына кері әсер еткен. Сонымен қатар бұл дерек Созақ көтерілісінің тек стихиялық сипатта болмағанын, көтерілісшілердің әскери тактиканы (қоршау, үздіксіз атыс, қысым көрсету) тиімді қолдана білгенін дәлелдейді. Ал соңынан, кеңестік органдардың көтерілісті басуға тұрақты әскери бөлімдерді (Ленин мектебінің отряды) тартуы көтерілісті басуда жергілікті коммуна отрядтарының дәрменсіздігін жанама түрде мойындағанын көрсетеді.

Талқылау

Созақ көтерілісі қазақ халқының кеңестік тоталитарлық саясатқа қарсы бағытталған ірі әлеуметтік қарсылықтарының бірі ретінде отандық тарихнамада маңызды орын алады. Бұл көтеріліске қатысты ғылыми талқылаулар мен пікірталастар ХХ ғ. екінші жартысынан бастап әртүрлі әдіснамалық ұстанымдар аясында дамып отырды.

Кеңестік кезеңдегі зерттеулерде Созақ көтерілісі таптық күрес теориясына сәйкес «бай-кулактар мен дін өкілдерінің кеңес өкіметіне қарсы контрреволюциялық әрекеті» ретінде бағаланды. Мұндай көзқарас КСРО тарихнамасына тән идеологиялық шектеулердің нәтижесі болды. Мәселен, партиялық құжаттар мен шолулық еңбектерде көтерілістің әлеуметтік негізі әдейі тар шеңберде көрсетіліп, оның халықтық сипаты ескерілмеді [11].

1980 жылдардың соңы мен тәуелсіздік жылдарынан бастап Созақ көтерілісіне қатысты ғылыми тұжырымдар түбегейлі өзгере бастады. Бұл кезеңде архивтік деректерді ғылыми айналымға енгізу арқылы көтерілістің шынайы себептері мен мазмұнын қайта пайымдау мүмкіндігі туды. Т. Омарбеков өз еңбектерінде Созақ көтерілісін күштеп ұжымдастыру, мал-мүлкін тәркілеу және дәстүрлі шаруашылық жүйенің күйреуімен тікелей байланыстырады. Автордың пікірінше, көтеріліс «жекелеген бай топтардың емес, тұтас ауылдық қауымның әлеуметтік наразылығы» болды [12; 145–147].

М. Қозыбаев 1930 жылдардағы халық көтерілістерін кеңестік отаршылдық сипаттағы реформаларға қарсы бағытталған қарсылық ретінде қарастырады. Ол Созақ көтерілісін қазақ қоғамындағы дәстүрлі билік құрылымдарының жойылуына қарсы реакция деп бағалай отырып, бұл қозғалыстың ұлттық санамен тығыз байланысын атап көрсетеді [13; 212].

Ал Ж. Әбілхожин зерттеулерінде Созақ көтерілісі аграрлық саясаттың дағдарысы контекстінде талданады. Автор көтерілістің басты себебі ретінде экономикалық қысым мен азық-түлік дайындау науқандарының шамадан тыс жүргізілуін көрсетеді. Ол ОГПУ тергеу материалдарын пайдалана отырып, көтеріліске қатысушылардың әлеуметтік құрамының біртекті болмағанын дәлелдейді [14; 98–102].

Ғылыми ортада пікірталас тудыратын мәселелердің бірі — көтерілістің ұйымдасу деңгейі. Кейбір зерттеушілер (Т. Омарбеков, Ж. Әбілхожин) көтерілістің белгілі бір жетекшілері мен басқару тетіктері болғанын архив деректері арқылы негіздесе, енді бір ғалымдар оны көбіне стихиялы түрде өрбіген қарулы наразылық деп сипаттайды. Бұл қайшылықтар негізінен тергеу істеріндегі мәліметтердің біржақтылығымен және кеңестік дискурстың ықпалымен түсіндіріледі.

С. Жақсыбаевтың еңбектерінде Созақ көтерілісіне қатысты репрессиялық шаралардың ауқымы мен салдары арнайы зерделенген. Ол көтерілістен кейінгі жазалау науқандарының қазақ ауылдарының әлеуметтік құрылымына ұзақ мерзімді теріс әсер еткенін атап өтеді [15; 56–59]. Бұл тұжырым қазіргі тарихнамада кең қолдау тауып отыр.

Қазіргі уақытта Созақ көтерілісіне қатысқандардың саны бойынша да отандық тарихнамада әртүрлі мәліметтер бар. Мысалы, қазақстандық зерттеуші О. Қырғызбаев өз еңбегінде Созақ көтерілісінің басқарушысы Сұлтанбек Шолақовтың құрамында көтеріліске қатысушылардың саны 2384 адамды құраған. 12-16 ақпан аралығындағы шайқаста 126 адам қаза тапқан, Созақ маңындағы шайқаста 200 адам тұтқынға түскен, көтеріліс басылған соң 389 адам абақтыға қамалған деп көрсетеді [16]. Дегенмен, көтеріліске қатысқан бұқара халықтың саны әр деректерде әртүрлі кездеседі, мысалы, 1931 ж. 22 қазандағы «1929-1931 жж. аралығындағы Қазақстан территориясындағы көтерілістер туралы БМСБ анықтамасында» (архив құжаты) көтеріліске қатысқандардың саны 2800 деп көрсетілген [8].

Негізінен, Созақ көтерілісіне қатысушылардың саны мәселесі кеңестік және қазіргі отандық тарихнамада біржақты шешімін таппаған күрделі ғылыми мәселе. Кеңестік архив құжаттарында көтерілісшілер саны әдетте 300–500 адам көлемінде көрсетіледі. Мәселен, ОГПУ-дың ҚазАКСР бойынша 1929–1931 жылдардағы «контрреволюциялық көтерілістер» жөніндегі анықтамалық баяндамасында Созақ, Сарысу және іргелес аудандардағы көтеріліске қатысқан адамдар саны бірнеше жүз адам деп бағаланған [17].

Сонымен қатар жекелеген жедел мәліметтерде көтерілісшілердің саны 700–1000 адамға дейін жеткені көрсетіледі. Бұл деректер, әсіресе, көтеріліс кеңейіп, оған көршілес ауылдардың уақытша қосылуымен байланысты кезеңдерге қатысты берілген [18]. Алайда мұндай сандық көрсеткіштер көбіне барлау сипатындағы болжамдар және нақты есепке алынған дерек ретінде қарастыру шектеулі.

ОГПУ мен әскери құрылымдардың баяндамаларында көтерілісшілер санын асыра көрсету үрдісі байқалады. Бұл кеңестік биліктің әскери операцияларды, артиллерия мен тұрақты әскер бөлімдерін тартуды негіздеу мақсатымен тығыз байланысты болды. Мұны Орта Азия әскери округі штабы мен Қазөлкекомның ВКП(б)-ға жолданған есептік құжаттар да дәлелдейді. Қазіргі қазақстандық тарихнамада көтерілісшілер санына қатысты мәселе сыни тұрғыда қайта қарастырылып отыр. Зерттеушілер көтеріліске қатысушылардың тұрақты құрам болмағанын, олардың саны әскери жағдайға, репрессиялық шараларға және жергілікті халықтың көңіл күйіне байланысты өзгеріп отырғанын атап көрсетеді [19]. Осыған байланысты бірқатар авторлар тікелей қарулы әрекетке қатысқандар саны 300–600 адам шамасында болғанын, ал көтерілісті жанама қолдаған ауыл тұрғындарын есептегенде бұл көрсеткіштің 1000 адамнан асуы мүмкін екенін алға тартады [12].

Жоғарыда Шымкент отрядының командирі Исаев өзінің жазбасына қарсыластың санын анықтаудың қиын болғандығын атап өтеді, дегенмен сол жақ тауға шамамен 500-600 өткендігін, соңынан қарсыластың тобы 200 адамдай болып көрінгендігін жазады [9].

Қорытынды

Созақ көтерілісінің тарихына қатысты архив құжаттарын кешенді талдау бұл оқиғаның кеңестік кезеңдегі әлеуметтік-саяси дағдарыстың тікелей көрінісі болғанын айқын көрсетеді. ОГПУ, партиялық-әкімшілік органдар мен әскери құрылымдардың жедел мәліметтері көтерілістің кездейсоқ немесе «бандалық сипаттағы» әрекет емес, керісінше, кең әлеуметтік негізі бар ұйымдасқан халықтық қарсылық қозғалысы болғанын дәлелдейді.

Архив материалдары көтерілістің негізгі себептері ретінде ұжымдастыру саясатының күштеп жүргізілуін, мал-мүлікті тәркілеуді, азық-түлік және мал дайындау науқандары барысында жіберілген өрескел заңсыздықтарды, сондай-ақ жергілікті билік өкілдерінің әкімшілік-репрессиялық әрекеттерін алға тартады. Бұл факторлар Созақ өңіріндегі қазақ халқының дәстүрлі шаруашылық құрылымын күйретіп, әлеуметтік наразылықтың қарулы сипат алуына әкелген.

Әскери және ОГПУ құжаттары көтерілістің ауқымы мен қарқыны кеңестік билік күткен деңгейден жоғары болғанын көрсетеді. Көтерілісті басу үшін бастапқыда жергілікті коммунистік жасақтардың жеткіліксіз болғаны, олардың бірқатар қақтығыстарда сәтсіздікке ұшырағаны архив деректерінде тікелей мойындалады. Бұл жағдай кеңестік орталық билікті тұрақты армия бөлімдерін, артиллерияны және арнайы әскери құрылымдарды тартуға мәжбүр етті. Мұндай шаралардың өзі көтерілісшілер тарапынан бірнеше сағатқа, кей жағдайда тәуліктерге созылған табанды қарсылықты бірден тоқтата алмаған.

Архив деректері кеңестік биліктің көтерілісті бағалауда идеологиялық ұстанымнан бас тартпағанын айғақтайды. Құжаттарда көтерілісшілер «контрреволюциялық элементтер», «бандылар», «діни фанаттар» ретінде сипатталып, қозғалыстың әлеуметтік себептері екінші қатарға ысырылған.

Бұл деректердің ғылыми талдауы олардың мазмұнына сын көзбен қарау қажеттігін көрсетеді және архив материалдарын салыстырмалы, деректанулық тұрғыдан зерттеудің маңызын арттырады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Архив Президента Республики Казахстан (далее — АП РК). — Ф. 141. — Оп. 17. — Д. 471. — Л. 254.
- 2 Центральный государственный архив Республики Казахстан (далее — ЦГА РК). — Ф. 1380. — Оп. 1. — Д. 246а. — Л. 5.
- 3 ЦГА РК. — Ф. 1380. — Оп. 1. — Д. 191. — Л. 27.
- 4 АП РК. — Ф. 141. — Оп. 1. — Д. 2968. — Л. 141–148.
- 5 ЦГА РК. — Ф. 1380. — Оп. 1 — Д. 248а. — Л. 9.
- 6 ЦГА РК. — Ф. 5с. — Оп. 21. — Д. 41. — Л. 29.
- 7 АП РК. — Ф. 141. — Оп. 17. — Д. 471. — Л. 223–224.
- 8 АП РК. — Ф. 141. — Оп. 1. — Д. 5052. — Л. 315–321.
- 9 ГАОПИТО (Государственный архив общественно-политической истории Туркестанской области). — Ф. 3. — Оп. 1. — Д. 17. — Л. 1–11.
- 10 Архив КНБ РК. — Оп. 189. — Д. 39. — Л. 358–358. Опубликовано: Насильственная коллективизация и голод в Казахстане. Сборник документов. — Алматы: Фонд XXI век, 1998.
- 11 История Казахской ССР. — Алма-Ата: Наука, 1981. — Т. 3. — 640 с.
- 12 Омарбеков Т. 20–30-жылдардағы Қазақстан қасіреті / Т. Омарбеков. — Алматы: Санат, 1997. — 320 б.
- 13 Қозыбаев М. Қ. Ақтандақтар ақиқаты / М.Қ. Қозыбаев. — Алматы: Қазақ университеті, 1992. — 272 б.
- 14 Абылхожин Ж. Б. Традиционная структура Казахстана: социально-экономические аспекты функционирования и трансформации (1920–1930-е гг.) / Ж.Б. Абылхожин. — Алматы : Ғылым, 1991. — 240 с.
- 15 Жақсыбаев С. Қазақстандағы 1930–1931 жылдардағы халық көтерілістері: себептері мен салдары / С. Жақсыбаев. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2009. — 180 б.
- 16 Кыргызбаев О. Созақ көтерілісі (деректер, естеліктер) / О. Кыргызбаев. — Алматы: Аркас. — 2003. — 148 с.
- 17 ЦГА РК. — Ф. 141. — Оп. 1. — Д. 437.
- 18 РГАСПИ (Российский государственный архив социально-политической истории). — Ф. 17. — Том. 3. — Д. 902.
- 19 Қойгелдиев М. Қ. Қазақстандағы 1929–1931 жылдардағы халық көтерілістері / М.Қ. Қойгелдиев. — Алматы: Атамұра, 2008. — 312 б.

Г.М. Капбарова, А.Н. Джумадуллаева, Х.М. Тұрсұн

История Сузакского восстания: о чем свидетельствуют архивные документы?

Политика коллективизации в Казахстане вызвала массовые восстания из-за разрушения традиционного уклада жизни, изъятия скота и земель, насильственного переселения и других репрессивных мер. Одним из крупнейших таких восстаний было Сузакское восстание. Изучение истории Сузакского восстания на основе архивных документов позволит не только собрать, проанализировать и упорядочить информацию по данному вопросу, но и ответить на вопрос о степени и формах участия сузакского крестьянства в антибольшевистских выступлениях. Цель исследования заключается в осмыслении предпосылок и обстоятельств возникновения противоречий между властью и сельским населением на начальном этапе коллективизации сельского хозяйства в Сузакском районе, причин перехода крестьян к активным формам сопротивления государственным мероприятиям, а также в анализе архивных материалов по обозначенной теме. На основе анализа архивных источников и имеющихся научных разработок авторами обосновывается возникновение и углубление социальных и экономических противоречий во взаимоотношениях между государством и крестьянами, рассматривается ход восстания, основные этапы и движущие силы. В статье рассматриваются различные элементы политики большевиков, приводившие к выступлениям народа Сузакского района, анализируются действия советских и партийных органов, направленные на ликвидацию Сузакского восстания.

Ключевые слова: Сузакский район, Сузакское восстание, коллективизация, конфискация имущества, архивные материалы, национально-освободительное движение.

G.M. Kapbarova, A.N. Jumadullaeva, Kh.M. Tursun

The history of the Suzak uprising: what do archival documents reveal?

The policy of collectivization in Kazakhstan caused mass uprisings due to the destruction of the traditional way of life, the confiscation of livestock and land, forced resettlement, and other repressive measures. One of the largest such uprisings was the Suzak uprising. Studying the history of the Suzak uprising based on archival documents will allow not only to collect, analyze, and organize information on this issue, but also to answer the question of the degree and forms of participation of the Suzak peasantry in anti-Bolshevik protests. The purpose of the study is to understand the prerequisites and circumstances of the emergence of contradictions between the authorities and the rural population at the initial stage of the collectivization of agriculture in the Suzak district, the reasons for the peasants' transition to active forms of resistance to state measures, and to analyze archival materials on the specified topic. Based on an analysis of archival sources and existing scientific research, the authors substantiate the emergence and deepening of social and economic contradictions in the relationship between the state and the peasants, and examine the course of the uprising, its main stages, and driving forces. The article examines various elements of Bolshevik policy that led to the uprising of the people of the Suzak region and analyzes the actions of Soviet and party authorities aimed at suppressing the Suzak uprising.

Keywords: Suzak district, Suzak uprising, collectivization, confiscation of property, archival materials, national liberation movement.

References

- 1 AP RK [Archives of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 141. — Op. 17. — D. 471. — L. 254 [in Russian].
- 2 TsGA RK [Central State Archives of the Republic of Kazakhstan]. — F. 1380. — Op. 1. — D. 246a. — L. 5 [in Russian].
- 3 TsGA RK [Central State Archives of the Republic of Kazakhstan]. — F. 1380. — Op. 1. — D. 191. — L. 27 [in Russian].
- 4 AP RK [Archives of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 141. — Op. 1. — D. 2968. — L. 141–148 [in Russian].
- 5 TsGA RK [Central State Archives of the Republic of Kazakhstan]. — F. 1380. — Op. 1. — D. 248a. — L. 9 [in Russian].
- 6 TsGA RK [Central State Archives of the Republic of Kazakhstan]. — F. 5s. — Op. 21. — D. 41. — L. 29 [in Russian].
- 7 AP RK [Archives of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 141. — Op. 17. — D. 471. — L. 223–224 [in Russian].
- 8 AP RK [Archives of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 141. — Op. 1. — D. 5052. — L. 315–321 [in Russian].
- 9 GAOPI TO (Gosudarstvennyi arkhiv obshchvenno-politicheskoi istorii Turkestan skoi obl sti) [State Archive of Social and Political History of Turkestan Region]. — F. 3. — Op. 1. — D. 17. — L. 1–11 [in Russian].
- 10 Arkhiv KNB RK [Archive of KNB RK]. — Op. 189. — D. 39. — L. 358–358. Opublikovano: Nasilstvennaia kollektivizatsiia i golod v Kazakhstane. Sbornik dokumentov [Forced collectivization and famine in Kazakhstan. Collection of documents]. Almaty: Fond XXI vek [in Russian].
- 11 (1981). *Istoriia Kazakhskoi SSR* [History of the Kazakh SSR]. Alma-Ata: Nauka [in Russian].
- 12 Omarbekov, T. (1997). *20–30-zhyldardagy Qazaqstan qasireti* [Tragedy of Kazakhstan in the 20s and 30s]. Almaty: Sanat [in Kazakh].
- 13 Kozybayev, M.K. (1992). *Aqtandaqtar aqiqaty* [The truth of Aktangdak]. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 14 Abylkhozhin, Zh.B. (1991). *Traditsionnaia struktura Kazakhstana: sotsialno-ekonomicheskie aspekty funktsionirovaniia i transformatsii (1920–1930-e gg.)* [Traditional structure of Kazakhstan: socio-economic aspects of functioning and transformation (1920–1930s)]. Almaty: Gylym [in Russian].
- 15 Zhaqsybayev, S. (2009). *Qazaqstandagy 1930–1931 zhyldardagy khalyq koterilisteri: sebepteri men saldary* [People's uprisings in Kazakhstan in 1930–1931: causes and consequences]. Almaty: Qazaq entsiklopediiasy [in Kazakh].
- 16 Kyrgyzbayev, O. (2003). *Sozaq koterilisi (dereker, estelikter)* [Sozak uprising (data, memories)]. Almaty: Arqas [in Kazakh].
- 17 TsGA RK [Central State Archives of the Republic of Kazakhstan]. — F. 141. — Op. 1. — D. 437 [in Russian].
- 18 RGASPI (Rossiiskii gosudarstvennyi arkhiv sotsialno-politicheskoi istorii) [Russian State Archive of Socio-Political History]. — F. 17. — T. 3. — D. 902 [in Russian].
- 19 Koigeldiev M.K. (2008). *Qazaqstandagy 1929–1931 zhyldardagy khalyq koterilisteri* [Popular uprisings in Kazakhstan in 1929–1931]. Almaty: Atamura [in Kazakh].

Авторлар туралы мәліметтер

Капбарова Гулбану — PhD докторант, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-9426-1361>

Джумадуллаева Асель — тарих ғылымдарының кандидаты, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0003-4109-498X>

Тұрсұн Хазретәлі — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-8610-522X>

Information about the authors

Kapbarova Gulbanu — PhD student, K.A. Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-9426-1361>

Jumadullaeva Assel — Candidate of Historical Sciences, K.A. Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0003-4109-498X>

Tursun Khazretali — Candidate of Historical Sciences, Professor, K.A. Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-8610-522X>